

*Е. Б. Иманбек, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының магистранты, полиция аға лейтенанты;*

*Ж. Қанатбекұлы, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының магистранты, полиция аға лейтенанты*

*(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)*

## **Қазақстан Республикасындағы заңсыз көші-қонға қарсы күрес мәселелері**

*Аннотация. Мақалада заңсыз көші-қонның үдерістері сипатталады. Көші-қонның қалыптасқан тәртібіне қарамастан заңсыз көші-қонның артып жатқан белгілері қарастырылады. Сонымен қатар, аталмыш мәселенің пайда болу себептері мен оған әсер етуші факторлар талданады.*

*Түйін сөздер: заңсыз көші-қон, заңсыз миграция, заңсыз көші-қонның пайда болу белгілері.*

Заңсыз көші-қон еліміздегі әлеуметтік күрделі құбылыс ретінде сипатталып соңғы 10 жылда орасан зор деңгейде арта түскенін байқауға болады. Бұл өз кезегінде еліміздің ұлттық және жалпы халықаралық қауіпсіздікке нұқсан келтіріп отырған жағымсыз құбылыс. Заңсыз көші-қон өз бетінше қылмыс ретінде танылмағанымен заңсыз көші-қонның салдарынан әртүрлі қылмыстар пайда болатыны анық. Әдетте мұндай қасиетке ие әрекеттерді криминология ғылымында «фондық құбылыстар» деп атайды. Осыған сәйкес елімізде соңғы он жылда шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың қатысуымен орындалатын қылмыстылықтың деңгейі де жоғарлау үстінде. 2006 жылы жүргізілген заңдастыру шараларының арқасында Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз кәсіппен айналысып жүрген 164,5 мың шетел азаматтары анықталған. Ал 2015 жылдың басынан бастап көші-қон заңнамасын бұзуына байланысты 27 қылмыстық іс қозғалды, оның 11-мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өткені үшін, 12 — елден мәжбүрлеп шығару туралы сот шешімін орындамағаны үшін, 4 — заңсыз миграцияны ұйымдастырғаны үшін. Қазақстан Республикасының ІІМ Көліктегі ПД баспасөз қызметінің мәліметтері бойынша, әкімшілік жауапкершілікке 1031 шетел азаматтары тартылған. Өткен жылы осыған сәйкес аралықтағы кезең бойынша 995 құқық бұзушылық анықталған болатын. Шетел азаматтарына салынған әкімшілік айыппұлдың мөлшері жалпы 792,800 мың теңгені құрады [1].

Пайымдауымызша, елімізге қатысты заңсыз көші-қонның орын алу себептері — Қазақстан Республикасының геосаяси орналасуы, көршілес елдермен қарым-қатынас жасау жағдайы, бірінғай келісілген саясаттың болмауымен шартталған өзара шекаралары арқылы еш кедергісіз өту мүмкіндігі, жағымды экономикалық климат, әлеуметтік тұрақтылық, табиғи және ауа райының жайлылығы секілді факторлар.

Қазақстан Республикасында халықтық көші-қон мәселесі «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңымен реттеледі. Аталмыш заңда «заңсыз көшіп келу» және «заңсыз көшіп келуші» деген ұғымдарға ғана түсінік берілген. Яғни «заңсыз көші-қон» терминіне еш бір анықтама берілмегендігі заң қисынына сәйкес келмейтін өз бетінше бір мәселе екендігі анықталып отыр. Сонымен, Заңның 1 б. 5 т. сәйкес, заңсыз көшіп келу — шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың келу және болу тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын,

сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитті жол жүруді бұза отырып, Қазақстан Республикасына келуі және Қазақстан Республикасында болуы.

Сонымен қатар, заңи әдебиеттерде «заңсыз көші-қон» ұғымының синоним ретінде де қолдана беретіндігі туралы айтылады. Мәселен, «illegal migration» (заңсыз көші-қон немесе заңсыз миграция) термині мигранттардың контрабандасы немесе адам саудасын білдіреді, «clandestine migration» (жасырын миграция) миграцияға талап етілетін иммиграциялық ережелердің жасырын бұзылып жатқандығын білдіреді [2]. Яғни, бұл жағдайда тұлға елге заңсыз кіреді немесе заңды кіріп, содан соң анықталған мерзімнен тыс қалып белгілі бір иммиграциялық тәртіптерді бұзады.

Соңғы кездерде байқалып отырғандай, «заңсыз көші-қон» ұғымын қылмыстық көші-қон ұғымымен байланыстырып жатады. Пікірімізше, бұл қате көзқарас. Заңсыз көші-қонның негізінде тұлғаның белгілі бір елге заңсыз кіруі, ол елде заңсыз жүруі немесе заңсыз елден шығуы жатады. Ал қылмыстық көші-қон уақытша көші-қонның бір түрі ретінде анықталып тек қылмыс мақсаттарымен айқындалады [3].

Жалпы, заманауи ғылыми зерттеулердің қорытындысына сәйкес аумақтың геосаяси сипаттарының өзгеруі заңсыз көші-қонның басым бөлігінің қозғалтқыш күші ретінде анықталған фактор болып табылды. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының аумағындағы заңсыз мигранттардың басым бөлігі — жақын орналасқан шетелдердің азаматтары: заңсыз мигранттардың 90 % Қазақстанға ТМД елдерінен (Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан) келеді [4].

Соңғы он жылдықтағы көші-қон үдерістерін талдау келесідей жағдайларды көрсетіп отыр:

- сыртқы көші-қон мәселесі әлі де өзекті проблема болып отыр;
- үлкен көлемді заңсыз еңбек мигранттарының саны әлі де азаяр емес;
- ішкі көші-қон заңнамасын бұзу фактілері үлкен көрсеткішке ие;
- ел шекарасын заңсыз бұзу фактілері әлі де орын алуда. Осының барлығы ел экономикасына тікелей әсер етуде, жемқорлық фактілерінің дамуы мен заңсыз көші-қон саласына түскен тұлғалардың құқықтарының шексіз бұзылуына септігін тигізіп отыр.

Көші-қон үдерістерінің елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға, мемлекеттік басқаруға әсер етуін зерттеу және зерттеу әдістерін өңдеу Қазақстанмен қоса басқа да шетелдерде болып жатқан өзекті мәселелерді қарастырмай жүзеге асыру мүмкін емес. Сондықтан, келесі жұмыстарымызда сол мәселелерге нақтырақ және толығырақ тоқталып кету алға қойылған мақсатқа толық лайықты болып табылады.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье представлена общая характеристика незаконной миграции, проанализирован причинный комплекс возникновения данного явления.

### **RESUME**

This article contains a general description of the illegal migration, analyze the reasons for the emergence of complex phenomena.

---

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. // <http://news.igest.kz>
2. Поздоровкина О. Справочник по терминологии в области миграции (русско-английский). — М., 2011.
3. Долгова А. И. Российская криминологическая энциклопедия. — М., 2002.
4. Балашова Т. Н. Конституционно-правовые проблемы формирования миграционной политики. — СПб., 2011.